

**2024 жылғы «Қазақстан халқына» ҚҚ
Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы ақпарат**

2024 жылғы 10 шілдедегі жағдай бойынша Қамқоршылық кеңестің 11 бетпе-бет отырысы өткізілді.

Қамқоршылық кеңеспен 80 мәселе қаралып, шешім қабылданды.

Қамқоршылық кеңеспен қабылданған шешімдер:

**Қамқоршылық кеңестің 22.01.2024 жылғы бетпе-бет отырысы
(№50 хаттама)**

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі - А.К. Кусаиновтың өз бастамасы бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы арызын қарағаннан кейін, «Қазақстан халқына» ҚҚ Жарғысының 5.1-тармағына және 5.8-тармақтың 10-1) тармақшасына сәйкес Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – Абельгази Калиакпарович Кусаиновтың өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

2. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып - Серик Турарович Сейдуманов сайланды.

3. «QH ұлттық ғылыми онкологиялық орталықты органдарды трансплантациялауға арналған жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасы бекітілді.

4. Қордың 2023 жылғы сыртқы аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйым – «Эрнст энд Янг» ЖШС анықталды.

5. Мониторингтік есептер назарға алынды:

- «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бойынша;

- 2023 жылғы Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге көрсетілген қайырымдылық көмек бойынша.

6. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметінің 2023 жылғы қызметі туралы есеп назарға алынсын. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметіне Қордың Қамқоршылық кеңесіне ақпарат бере отырып, 2024 жылға арналған аудит жоспарында бекітілген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру тапсырылды.

7. Ішкі аудит қызметінің басшысы - Даурия Беймбетовна Бугасова 2023 жылдың 3 және 4 тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша 1 (бір) лауазымдық жалақысы мөлшерінде сыйақы беру туралы шешім қабылданды.

**Қамқоршылық кеңестің 12.02.2024 жылғы бетпе-бет отырысы
(№51 хаттама)**

1. «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасы бойынша мониторингтік есеп назарға алынды.

2. «QH «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасы бекітілді: 2 кезең (8 аймаққа дейін кеңейту).

3. «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 26 ақпан (№ 52 хаттама)

1. «QH Қарағанды облысында комбустиологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. «QH Қарағанды облысында пульмонологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «QH Оңалту орталықтары» қайырымдылық жобасына өзгерістер енгізілді (жобаны іске асыру мерзімі ұзартылды).

1. Ішкі аудит қызметіне:

- Қордың донорлармен жасалған қайырымдылық жарналары туралы шарттарын талдау, олардың қайырымдылық жарналардың жалпы көлеміндегі үлесі бойынша талдау;

- серіктестердің және/немесе игілікті алушылардың дайын болмауына байланысты бекітілген қайырымдылық бағдарламалары мен жобалар қатарын Қор қаржыландырмайтын бағдарламалардың/жобалардың бар-жоқтығына талдау жасау туралы тапсырма берілді.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 11.03.2024 жылғы (№53 хаттама)

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып Ләззат Олжабайқызы Жүнісова сайланды.

2. «QH Ұлытау-Мейірім» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «Ақмола облысының Степногорск қаласында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

4. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2023 жылғы жылдық есебі бекітілді.

Қор басқармасына 2023 жыл бойынша сыртқы аудит аяқталғаннан кейін 2024 жылдың 25 сәуірінен кешіктірмей 2023 жыл бойынша аудиторлық қорытынды мен аудиттелген қаржылық есепті Қамқоршылық кеңесінің карауына ұсыну тапсырылды.

5. «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы бойынша мониторингтік есеп назарға алынды.

6. Ауылдық жерлердегі балаларға арналған жазғы демалыс лагерьлеріне жолдама алу тәсілдері бекітілді. Қор басқармасына жоғарыда көрсетілген тәсілдер негізінде Қамқоршылық кеңестің бекітуіне «QH Жаздық жолдама – 2024» қайырымдылық жобасын енгізу тапсырылды.

7. Жеке тұлғалардың өтінімдері бойынша қайырымдылық көмек көрсету және Қордың бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселелері бойынша Ішкі аудит қызметінің 12.02.2024 жылғы аудиторлық есебі назарға алынды.

Ішкі аудит қызметіне түзету шараларының орындалуына мониторинг жүргізу тапсырылды. Мониторинг нәтижелері Қордың қамқоршылық кеңесіне Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы және жылдық есептерінде ұсынылу тапсырылды.

8. «Қазақстан халқына» ҚҚ қамқоршылық кеңесінің 26.02.2024 (№52 хаттама) тапсырмаларының орындалуы туралы Ішкі аудит қызметінің ақпараты назарға алынды.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 26.03.2024 жылғы (№54 хаттама)

1. «QH ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту (2 кезең)» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың онкологиялық қызметінің мамандарын QH оқыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «ҚазОРҒЗИ онкологиялық қызметінің мамандарын QH оқыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

4. Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 29 мамырдағы шешіміне (№36 хаттама) отырыстың күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша өзгеріс енгізілді:

Қазақстан Республикасының барлық 20 әкімшілік-аумақтық бірліктеріндегі спорт залдарының жалпы саны 40 спорт залына дейін өзгертілді.

5. «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорының қайырымдылық көмек көрсету Ережесі жаңа редакцияда бекітілді.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы (№27 хаттама) «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының қайырымдылық көмек көрсету Ережесін бекіту туралы шешімінің күші жойылды деп танылды.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 08 сәуір (№ 55 хаттама)

1. Қамқоршылық кеңес хатшысы тағайындаған мерзімге дейін отырыс хатшысы болып Қордың Заң қызметінің бас менеджері Гульмира Кабдылманатовна Шакипова тағайындалды.

2. «ҚН Жамбыл облысының Шу қаласы мен Бірлік ауылында жылдам салынатын модульдік ангар типті спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «2024 жылдың 1 тоқсанына арналған орфандық аурулары бар азаматтарға дәрілік заттарды сатып алуды қаржыландыру лимитін бекіту туралы» Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 25 желтоқсанындағы шешіміне (№ 49 хаттама) өзгеріс енгізілді:

1-тармақтағы «бірінші тоқсанында» деген сөздер «бірінші жартыжылдықта» деген сөздермен ауыстырылды.

4. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы жаңа редакцияда бекітілді.

5. «Endowment Qazaqstan Halqyna» нысаналы капиталды (эндаумент) басқарушы компаниясы» корпоративтік қорының 2023 жыл бойынша қызметі туралы есебі назарға алынды.

6. Еліміздің бірқатар өңірлерінде су тасқыны салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету туралы ақпарат назарға алынды:

- су тасқынынан зардап шеккендерге үй салуға бөлінген 10 млрд. теңге сомасында қаражат бекітілді.

- 2024 жылғы 1 сәуірмен 30 сәуір аралығындағы азаматтар мен заңды тұлғалардан су тасқынынан зардап шеккендерге тұрғын үй салу үшін Қорға түскен қаражатты бөлу бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 29 сәуір (№ 56 хаттама)

1. «ҚН Аудандық оңалту орталықтары» қайырымдылық жобасын іске асырудың екінші кезеңін бекіту туралы» Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 24 шілдедегі № 40 шешіміне қосымша енгізілді, 8 аудандық оңалту орталықтары тізбесі ескертумен толықтырылды:

«Ескерту: аудандық оңалту орталықтарының тізбесіне өзгерту олардың санын көбейтпей Басқарма шешімімен бекітіледі. Бұл ретте тізімге Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 36 шешімімен бекітілген өңірлер ғана енгізілуі мүмкін.»

2. «ҚН Ұлытау облысының Сәтбаев қаласы мен Ергалиев ауылында жылдам салынатын модульдік ангар типті спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «Болашақ инженерлер», «ҚН Жаздық жолдама», «ҚН Тұсау кесер», «Қазақстан Республикасының спортшыларын пара-жеңіл атлетикаға дайындау және қатысу үшін спорттық және жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету», «Спортшыларды халықаралық пара-хоккей

жарыстарына дайындау және қатысу үшін спорттық құрал-жабдықтармен камтамасыз ету» бес қайырымдылық бағдарламасы/жобасының аяқталуы туралы қорытынды есептер бекітілді.

4. Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе және Ақмола облыстарындағы су тасқыны салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету туралы (№ 55 хаттама) шешімін іске асыру барысы туралы ақпарат назарға алынды.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 13 мамыр (№ 57 хаттама)

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2023 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі бекітілді.

2. «QH Жаздық жолдама - 2024» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «QH Қарағанды облысындағы кардиологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

4. «Қызылорда облысы Досбол Датка ауылы мен Аққыр ауылындағы ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт кешендері құрылысы» қайырымдылық жобасы бекітілді.

5. «Қан тамырлары патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсету»;

«Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту» аяқталған қайырымдылық бағдарламалары/жобаларын іске асыру және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша қайырымдылық көмек көрсету мәселелері туралы Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі мәліметке алынды.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 27 мамыр (№ 58 хаттама)

1. 2023 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілді, Басшылыққа берілген құпия тәуелсіз аудиторлық есеп қаралды. Сыртқы аудиттің ескертулерін жою ұсынымдарын орындау бойынша түзету (алдын алу) іс-шараларының жоспары назарға алынды.

2. Су тасқыны салдарынан төтенше жағдай кезінде зардап шеккен азаматтарға Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы «Солнечный-2» шағын ауданында 100 бір қабатты тұрғын үйдің құрылысына 2 735 000 000 (екі миллиард жеті жүз отыз бес миллион) теңге (соның ішінде құны) (авторлық және техникалық қадағалау есебімен) қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

3. Республиканың алты аймағында (Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе және Атырау облыстарында) су

тасқыны салдарынан төтенше жағдай кезінде зардап шеккен азаматтарға тұрғын үй салу түріндегі қайырымдылық көмек көрсетудің жалпы өлшемдері мақұлданды.

- Қазақстанның алты облысында зардап шеккен тұрғындарға үй салу үшін жеке және заңды тұлғалардан жарна жинау мерзімі 2024 жылдың 31 мамырына дейін ұзартылды.

4. «Ақ жол-М» психоневрологиялық аурулары және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған оңалту орталығын жабдықтау» қайырымдылық жобасын жүзеге асырудың қорытынды есебі бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 10 маусым (№ 59 хаттама)

1. «ҚН Абай облысы Аягөз ауданы Қопа ауылында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт кешендерін орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. «ҚН Шапағат-Жезқазған» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Солнечный-2 ықшам ауданында («Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің атаулы жарнасы есебінен) тұрғын үйлердің құрылысына су тасқыны салдарынан төтенше жағдайда зардап шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

4. 2022–2023 жылдар кезеңінде «Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастарды (14–29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру туралы қорытынды есеп бекітілді.

5. Орфандық аурлары бар азаматтарға 2024 жылға арналған дәрі-дәрмек сатып алуды қаржыландыру бекітілді.

6. 2024 жылғы 28 мамырдағы Аудиторлық есеп есепке алынды.

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы 2024 жылғы 24 маусым (№ 60 хаттама)

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық Кеңесінің төрағасы болып Сүлейменов Кайырбек Шошанұлы таңдалынды.

2. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық Кеңесі төрағасының орынбасары болып Аманжолова Зауреш Жұманәліқызы таңдалынды.

3. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық Кеңесінің хатшысы болып Нұрмағамбетов Болат Сарсенбекұлы тағайындалды.

4. Қамқоршылық Кеңестің 2024 жылғы II жартыжылдыққа арналған отырыстар кестесі бекітілді.

5. «ҚН Денсаулық жолы» аяқталған қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.

6. Қарағанды облысының мектептерінде «QH Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» қайырымдылық жобасы бекітілді.

7. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданында су тасқыны салдарынан төтенше жағдайдан зардап шеккен азаматтарға 114 тұрғын үйдің құрылысына қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды.
